*Қосымша № 1.2*

**Техникалық сипаттама**

**(ЛОТ № 2)**

| № | Атауы | Сипаттамасы | Саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Көпфункционалды портативті сұйықтықтар анализаторын өлшеу құралы | Көпфункционалды портативті сұйықтықтар анализаторы pH, температура, тұздылық, кондуктивтілік, жалпы еріген қатты заттар және органикалық тотықтырушыларды өлшейді. Өлшеу диапазоны: pH 0-14, температура -10°C – 100°C, тұздылық 0-50 ppt, кондуктивтілік 0-2000 µS/cm, TDS 0-1000 мг/л. Сенсорлық экран, 4.3 дюйм немесе одан жоғары, USB, Bluetooth және Wi-Fi арқылы деректерді тасымалдау мүмкіндігі бар. Литий-ионды аккумулятормен жұмыс істейді, зарядтау уақыты 5-7 сағат. IP67 стандарты бойынша су өткізбейтін, -10°C – 50°C температура аралығында жұмыс істейді. Құрылғы құрамында анализатор, зарядтау құрылғысы, USB кабелі және қолданушы нұсқаулығы бар. | 1 |
| | **Барлығы** | | 1 |

**Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры** **А.Ошибаева**

**Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы** **А.Айымбетова**

## ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

**Төлем шарттары:** Алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 100%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алуды реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады. Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

**Жеткізу уақыты:** Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күн ішінде жеткізу